ГАЗЕТ 2001 ЖЫЛДЫҢ 2 СӘУІРІНЕН БАСТАП ШЫҒА БАСТАДЫ

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің газеті

www.psu.kz

# Білік

№ 4 (138)

25 сәуір ұлу жылы, 2012



ЖЕЗҚАЗҒАН ТУРАЛЫ ЖЫР (ҚАНЫШ СӘТБАЕВ)

4 бет




МАҚСАТЫ АЙҚЫН КОНФЕРЕНЦИЯ

5 бет



ҚАЗАҚСТАН ТУРИЗМНІҢ БОЛАШАҒЫ ЗОР

6 бет

УЧИТЬСЯ В ДВУХ ВУЗАХ? ЛЕГКО!

8 бет

ҒАЛЫМ ОЙЫ



## МӘҢГІЛІК ЕЛ ҰСТАНЫМЫ

А.Ф. Зейнуллина ф.ғ.к., профессор
ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері

Уақыт ағымы өзгерсе де, адам болмысының адамгершілік табиғаты өзгермеуге тиіс. Қай уақытта болса да, адам жаны имандылық пен ізгілік үшін, адалдық пен әділдік үшін, білімділік пен рухтың биіктігі үшін ғұмыр кешу керек. Бұл Қазақ Елі үшін басты ұстаным. Бүгінгі таңда Қазақ Елінің ұрпағының тәрбиесі – отбасы мен қоғам тәрбиесі деп білуіміз қажет. Ата-баба мұрасы мен ұлтымыздың ұлығын сақтау үшін бес құндылықты, тағылымды тәрбие үшін беру төрт тағанды, рухын биік ұстау – үш қуаттылықты білуіміз керек.

Бес құндылық – біріншіден, көрікті ойдан көркем сөз тудыратын ана тілде сөйлеу. Тіл тазалығы мен тіл мәдениетін сақтау. Екіншіден, имандылық ишарасының ұйытқысы – ұлттық діннің дұрыс насихаты. Үшіншіден, ұмытылып қалған салт-дәстүрімізді дұрыс жаңғырту, ұлттық ас-су, зергерлік өнер, құсбегілік, атбегілік, ұлттық-тұрмыстық – қарекетімізді үйрету, насихаттау.

Қазақ Елінің ата-баба тарихының дұрыстығы мен бұрыстығын анықтап, айтылмаған, жазылмаған ақтандақ тарих беттерін ұрпаққа оқыту және білу.

### ТАҒЫЛЫМДЫ ТӘРБИЕНІҢ ТӨРТ ТАҒАНЫ:

1. Ата-анаға құрмет жасау арқылы – үлкенді сыйлау, отбасын сақтау, дұрыс ұрпақ өсіруге жетеміз.
2. Жақсының сөзін тыңдау, сұлулықты сезіну, өнерді сүю, арқылы көркем әдебиетті оқу, ұрпақ – жанын нұрландыра аламыз.
3. Адал еңбек ету, білім мен ғылымға құштарлық, жаңалық жаршысы бола білу – қоғам тазалығы мен дара тұлға мазмұнына жеткізеді.
4. Білдім демей, білгім келеді деумен өмір сүріп, әр уақытта дүние тылсымы мен құпиясын білуге құштарлық болу керек.

### ҰЛТТЫҚ РУХТЫҢ БИІКТІГІ ҮШІН ҮШ ҚУАТ КӨЗІ:

1. Ұлттық ар-намыс әр уақытта ояу, жалынды жігерің шоқ болып тұрсын!
2. Ұлт жоқтаушысы бол, ұлттық тектілікті сақта!
3. Өркениеттіліктен қалмай, Қазақ Елінің ұлттық болмысына қосар еңбегің зор, қағидатың анық, білімділігің биік болсын!

Ал ендеше, ұлттық дүниетанымымыздан адаспай, Өзімізден бастап, Өзгелерге үлгі болар игілікті істің басында бас болайық, биік болайық!




## АҚШ Елшісі К. Фэйрфакс университетте

2 бетте

3 бетте

## «Сәтбаев оқуы» – қазақ конференциясының бренді

cmyk

# Жаңалықтар желісі



# Тіл шебері



***С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде тамырын тереңнен алатын дәстүрлі ғылыми–мәдени шаралар аз емес. Солардың ішінде Мұражай кешені ұйымдастыратын «Тіл шебері» сайысының орны ерекше.***

Осымен сегізінші рет студенттік өзін-өзі басқару он күндігі аясында өткізіліп отырған конкурс жылдағыдан тартысты һәм қызықты өтті. Оның себебі де жоқ емес. Әр жылдары бір факультет студенттері мен педагогикалық оқытушы құрамы сайысқа түсетін.

Ал биыл есепке жүйрік экономика және қаржы факультеті мен физика, математика және информатика ұжымы арасында өткен тіл сайысы тартысқа толы болды.

Қаһарман Баукеңнің «Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған ана тілімізді ұмыту – бүкіл ата-бабамызды, бар тарихымызды ұмыту», – деген қанатты сөзін ұран еткен командалар сайысты өздерін таныстыру бөлімінен бастады.

Конкурсқа қатысқан тіл жанашырларын «тіл байлығы», «жүйрік ой», «сөз маржан» секілді тапсырмалармен сынап, сынақтан өткізді.

Әсіресе, тілге қатысты фразеологизмдердің мағынасын табу, Абайдың өлеңін жалғастырып өздері жазу, сөзден сөз жасау, мақал-мәтел айтып жарысу секілді сайыстарда командалар белсенділік танытты.

Сайыс барысын тамашалап отырған жанға қазақтың көне өлшем бірліктерін толығарақ біліп, тарихи тұлғалармен сырласып және ұлт тарихына саяхат жасағандай күй кешеді екен. Сонымен қатар, конкурста XXI ғасыр элементтеріне сай тапсырмалар да орын алды.

3 кезең 15 тапсырмадан тұрған конкурста ой жүйріктігі мен өнерпаздығы, білімділігі мен алғырлығы жағынан басым түскен қаржы және экономика факультетінің «Парыз» командасы жеңімпаз атанды.

Айта кететін жайт, Айман Файзоллақызы мен Төлеген Хаметұлының тамаша сөз саптап, ұшқыр оймен, келісті әзіл-қалжыңмен жүргізген сайыстан көрермен де тамаша әсер алды.

Міне, осылайша тілді ұлықтаған мәдени шара өз межесіне жетті.

**Айдана АЙТУҒАН**

# Мир без сигарет

В рамках проведения Декады студенческого самоуправления в Павлодарском государственном университете состоялся «День против курения». В преддверии всемирного дня без табака, провозглашенного Всемирной организацией здравоохранения в ПГУ им. С. Торайгырова состоялись акции «Мы за Здоровый образ жизни» и «Конфетка на сигаретку». Главная цель акций – привлечение внимания студенческой общественности к проблеме массового пристрастия к табаку и его вредному воздействию на здоровье человека.

Лучше не начинать – это утверждение как нельзя лучше подходит к курению. Установлено, что привыкание к никотину устанавливается со второй выкуренной сигареты, а вот отучить себя от этого вида зависимости весьма и весьма сложно. Отказ от курения должен быть сознательным, а это весьма сложное решение. Именно потому в этом деле так важна профилактика – чтобы не начинали.

## Начни с себя!

Отказываясь от курения, молодежь отказывается от использования одного из самых распространенных наркотиков – табака, который уносит больше жизней, чем несчастные случаи на дорогах и даже СПИД. А заодно – и от болезней, желтых зубов, плохого цвета лица, излишней затратной статьи личного и семейного бюджета, зря потраченного на сигареты время.

Под знаменем борьбы с курением и за здоровый образ жизни в стенах Павлодарского государственного университета им. С. Торайгырова состоялись специальные мероприятия, среди которых – концерты, фестивали, встречи с известными людьми, другие культурные мероприятия. В этот день десятки учащихся университета тем самым продемонстрировали осознанный отказ от вредных привычек.

**Руфина ТОРПИЩЕВА**

**УВАЖАЕМЫЕ СТУДЕНТЫ И СОДРУДНИКИ!**

**Согласно п. 1 статьи 336 Кодекса об административных правонарушениях РК за нарушение запрета курения в отдельных общественных местах налагается штраф в размере от 1 МРП до 20 МРП (1 МРП = 1618 тнг).**

**А так же согласно договору возмездного оказания образовательных услуг ПГУ имени С.Торайгырова, в случае несоблюдения студентом внутреннего распорядка университета, договор может быть расторгнут в одностороннем порядке (отчисление).**

**Сотрудникам и преподавателям – строгий выговор, при повторном нарушении – увольнение.**

***Администрация***

# АҚШ ЕЛШІСІ К. ФЭЙРФАКС УНИВЕРСИТЕТТЕ

***Аймағымызға жұмыс сапарымен келген АҚШ–тың Қазақстандағы төтенше және өкілетті Елшісі Кеннет Фэйрфакс С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетіне де бас сұқты.***



Қадірлі қонақпен кездесуге университеттің Ғылыми Кеңес залына ардагер ұстаздар, ғылым докторлары мен магистранттар және журналистер жиналды. Шарада сөз алған қара шаңырақтың ректоры, экономика ғылымдарының докторы, профессор Серік Мәуленұлы білім ордасы академиялық еркіндікке мүмкіндік беріле бастағанын және Болондық білім беру жүйесі бойынша университетте үш сатылы бакалавр, магистратура, доктор PhD бойынша ілім берілетінін атап айтты. Сонымен қатар, АҚШ жоғары білім беретін мектептерімен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасап жатқанын да ортаға салды.

Ректор өз кезегінде Елшіге сөз ұсынды.

Елші қонаққа шақырған ұжымға алғысын айтып, Америка Құрама Штаттарының білім беру саласындағы табысты да, қызықты жайттар жайлы әңгімеледі. Сондай-ақ, Қазақстан мен Американдық білім беру жүйесінің ерекшеліктеріне тоқталды.

Ол: «АҚШ адамдарының бәрі бірдей жоғары білімді меңгермесе де, білім-ғылымға, өнертапқыш ғалымдарға құрметпен қарайды. Сонымен қатар, ғалымдар арасында академиялық пікірталас дебаттары жиі болып тұрады. Тіптен, мұндай жағдайлар ғалымдар арасында күнделікті болып тұратын қалыпты жағдай десек те болады.

Ең бастысы, АҚШ-тың білім беру жүйесінің артықшылығы, білім беретін 4000-нан астам жоғары мектептері академиялық мобильділік бойынша білім береді. АҚШ өкіметі мынау университет жақсы, мынасы нашар білім береді деп айта алмайды. Себебі, әр ЖОО өзіндік даму, өркендеу жолы қалыптасқан, ғылымда, білім беруде өзіндік амал-тәсілі бар.

Сіздерге бір қызықты оқиғаны айта кетейін. Студент кезімде университетте өсімдіктер саласы лабораториясында қарапайым лаборант қызмет ететін. Әлгі кісі: «Мен әлі оқуымды бітірген жоқпын», – деп айтушы еді үнемі. Міне, сол қарапайым лаборант бүгінде әлемде өсімдік саласы бойынша үздік ғалымдардың бірі.

## АШЫҚ ДИАЛОГ

Ашық диалогты өмірлік ұстаным еткен американдық азамат жиналған ғалымдар мен магистранттар және журналистермен сұхбаттасты.

*Арман Айтмұхамбетұлы, саясаттану ғылымдарының докторы, профессор:*

**– Қазақстан Республикасының білім беру деңгейі қандай? АҚШ пен Қазақстаның білім беру жүйесінің басты ерекшелігі неде?**

– Елші: Қазақстан Республикасында үздік әлемдік тәжірибелерге негізделген білім беру жүйесі қалыптасқан деп айта аламын. Бірақ, орталықтан басқарылатыны, көптеген тың ғылыми идеяларды тұншықтырады деуге болады. Жаңа, жоғарыда Американдық ЖОО өзіндік даму, өркендеу жолы қалыптасқан, ғылымға, білім беруге өзіндік амал-тәсілі бар дедім. Тіптен, Америкада ЖОО қаржыландырып отырған компанияларда университеттің ішкі жұмысына араласа алмайды. Онда: «Бізге жақсы маман, білікті кадр дайындап берсең болды», – деген ұғым қалыптасқан.

Қазақстандық һәм американдық білім беру жүйесінің басты ерекшеліктері осында.

*Олжас Жұмабекұлы, халықаралық ынтымақтастық департаментінің маманы:*

**– Кирилл Дейнекин өліміне байланысты сұрағым. АҚШ соты оққа ұшқан Кириллді кінәлі деген шешім шығарды. Демократияны желеу еткен АҚШ-та әділетсіздік орын алғаны ма сонда?**

– Мен заңгер емеспін. Сондықтан бұл процесс қалай болғаны жайлы хабарым жоқ. Тіптен, бұл оқиға жайлы Қазақстанның АҚШ-тағы елшісі Ерлан Ыдырысовтан білдім.

Қазір Қазақстан елшілігі бұл шешіммен келіспей федералдық сот деңгейінде оң шешілуіне күш жұмсап жатқанын естідім Ерлан мырзадан.

Одан басқа АҚШ-та тәжірибе алмасу курстарының мерзімін екі аптадан бір жылға дейін созу, АҚШ ЖОО-мен инновациялық бағдарламалар бойынша әріптестік жасауға байланысты сұрақтарға тұшымды жауаптарын алды.

Кездесу университет қабырғасында өтуіне жауапты болған халықаралық ынтымақтастық департаментінің директоры Гүлнәр Зейнелқабиденқызы: «Алдағы уақытта АҚШ-та білім алып, тәжірибе алмасуды жетілдіретін боламыз. Бүгінгі кездесу Америка университеттерімен ынтымақтастықты одан әрі тереңдете түсуге алғышарт болмақ», – деді.

**Сөз соңы. Демек, алдағы уақытта мұхит асып білім алам деушілерге тамаша мүмкіндіктер тумақ.**

**Нұрлат БАЙГЕНЖЕ**

# «СӘТБАЕВ ОҚУЫ» - ҚАЗАҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ БРЕНДІ




**Биылғы «XII Сәтбаев оқуы» қалай өтті? Жылдағы дәстүрінен өзге несімен ерекшеленді?**

Қазақ ғылымына өлшеусіз үлес қосқан Қаныш Имантайұлының асқар бейнесі, тұлғалық қасиеті жыл өткен сайын асқақтап, абыройы артуда. Керек десеңіз, академиктің есімімен байланысты кез-келген бастаманың маңызы мен мәні артып, өміршеңдігімен таң қалдыруда. Сондай шараның бірі-дәстүрлі түрде өтетін «Сәтбаев оқуы» атты ғылыми конференция. Сәтбаевтың есімімен байланысты С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті қабырғасында өтетін ғылыми шараның тарихы бай. Бастауын 2001 жылдан алатын ғылыми конференция әр жылы алыс-жақын шет елдерден, Отанымыздың түкпір-түкпірінен ғылым жолына түскен ізденімпаз жастарды жинайды.

Биыл 12 сәуірде өткен «XII Сәтбаев оқуы» дәстүрінен жаңылмай университет қабырғасына еліміздің барлық облыстарымен қатар, Чита, Омбы, Новосібір, София, Бішкек, Ташкент қалаларынан келген қонақтарды қарсы алды.

Конференцияның ашылу салтанатында алғы сөз алған С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Роза Жұмабайқызы: «Қазақтың Сәтбаевы – әлемнің Сәтбаевы», – деп бастады өз сөзін.

Сәтбаев оқуы елімізге аты белгілі талай мықты ғалымдардың тұсауын кескен ғылым додасы. Мысалы бір жайтты ғана айта кетейін, «Сәтбаев оқуына» қатысып тұсауын кескен Алмас Шынтеміров АҚШ-та доктор PhD қорғады.

Сонымен қатар, бізбен әріптестік қатынас жасайтын Жапониядан Токо Фуджимото, АҚШ-тан Ален Франк және т.б. шетелдік ғалымдар конфренцияға қатысуға үнемі ықылас танытады. Сондай-ақ, Р.Ж. Қадысова, халықаралық конференцияның маңызы мен ерекшелігіне тоқталып өтті. Ғылыми шараның ашылу салтанаты Сәтбаев ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсімімен жалғасты.

Конференцияның күн тәртібіне сай қатысушылар ашылу рәсімінен кейін секциялық отырыстарда білім-біліктерін ортаға салды. Биыл 18 секция 30 подсекциялық жұмыс бойынша 720 қатысушы білім сайысына қатысты.

Сондай секциялардың барысымен танысу мақсатында секциялық отырыстарға қатыстық. Секция жұмыстарының ішінде «Академик Қ.И. Сәтбаев және оның білім беру мен ғылымдағы рөлі» атты жұмыс тобы ерекше назар аудартты.

Сәтбаевтану тағылымын насихаттайтын секциялық жұмыста Баянауыл ауданы, Бірлік ауылынан келген Мақпал Бейсенбайқызы: «Медеу Сәрсекенің Сәтбаевтанудағы еңбегін атап, бүгінде Қазақстан тарихы сабағына Сәтбаев туралы толығырақ мәлімет керектігін және Сәтбаевтану сабағын жүргізетін уақыт келгенін атап айтты.

Сондай-ақ, конфренция барысында тың ғылыми жаңалықтармен, тағылымды ойларға кенелдік. Мәселен, студенттер арасында өткен бәсекеде «Ауылшаруашылық ғылымдары» секциясында Шымкент қаласындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтика академиясының студенті М.Ағабекова «Гидропоникада өсірілген жасыл жемді «жаңбыр» әдісімен өсіру тиімділі тақырыбында қызықты да өзекті мақаласын қорғады. Сонымен бірге, Шәкірім атындағы Семей мемлекеттік университетінен келген А. Тасжанова «Шығыс Қазақстандағы энергия қуат





көздерін тиімді пайдаланудың аймақтық мәселелері» атты ғылыми жобасын ортаға салды.

Жалпы конференцияның кез-келген секциялық, подсекциялық отырыстары тартысты өтті. Керек десеңіз, ғалымдардан құрылған комиссия мүшелеріне конференцияның жабылу салтанатына дейін жеңімпаздар мен жүлдегерлер шешімін шығару қиынға түсті.

Конференцияның жабылу салтанатында «Ең белсенді ауыл мектебі» номинациясы бойынша Ақтоғай ауданы Ыдырысов атындағы орта мектебі, «Ең белсенді қала мектебі» номинациясы бойынша Алматы қаласы № 49 орта мектеп ұжымы марапатталды.

Жекелеген номинациялар бойынша: «Жаңалық сандығы» номинациясымен Мұхтарова Гүлтай, Үздік мақала» номинациясын Елубай Нұрсұлтан, «Жас ғалым» номинациясымен Мирбеков Бауыржан «Тұрақты баяндамашы» номинациясымен Жақсылық Темірлан мен Нургазин Әділ иеленді.

Жалпы конференцияның қорытындысы бойынша 400 оқушы мен студент жастар ғылыми шараның грамоталары мен алғыс хаттарымен марапатталды.

**Сөз соңы.**

**Міне, осылайша он екінші рет Сәтбаевты ұлықтайтын ғылыми шара өз межесіне жетті. Конференция барысында талай қызықты жағдайларға куә болдық. Қалай болса да, ғылыми шара алдағы уақытта Сәтбаевтай тұлғаның жетілуіне, қалыптасуына түрткі болады деп ойлаймыз.**

## ЖЫЛНАМА

**2001** жылы Академик Сәтбаевты ұлықтайтын ғылыми шара басталды. Алғаш өткізілген конференцияға 135 қатысушы қатысады. Конференция жинағы 2 том болып жарыққа шығады.

**2004** жылы Қ.И.Сәтбаевтың 105 жылдығына арналған оқушылар, студенттер мен жас ғалымдардың «Сәтбаев оқулары» атты халықаралық ғылыми конференциясының ауқымы кеңейеді. Сол жылғы ғылыми шараға 132 оқушы, 145 студент, 207 жас ғалымдар, барлығы – 484 қатысушы қатысып, университетімізге қонақ болады.

**2005** жылы – 158 оқушы, 276 студент, 357 жас ғалымдар аталмыш конференцияға қатысқан.

**2006** жылы – 307 оқушы, 478 студент, 444 жас ғалым қатысып бақ сынасады.

**2007** жылы – 1247 білімпаздар С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде ғылыми мақалаларын ортаға салады.

**2008** жылы жоғарғы дәрежеге жетіп, 300 оқушы, 717 студент, 750 жас ғалымдар конференцияға қатысады. 1748 ғылым жолында жүрген іздемпаздар қатысқан конференция жинағы 20 том болып жарық көрді.

**2009** жылы әлемдік қаржылық дағдарысқа қарамастан, 310 оқушы, 577 студент, 867 жас ғалымдардың басын қосты. Нәтижесінде 20 том жинақ 34 кітапқа топтастырылып 500 данамен «Кереку» баспасынан шықты.

**2011** жылы 1700 қатысушы жиналды. Білімділер бәсекесіне ғылым жолында жүрген 361 оқушы, 726 студент және 613 жас ғалым университет қабырғасында түрлі тақырыптар бойынша өзекті ғылыми жаңалықтарын ортаға салады.

**Конференцияға әр жылдары Чита, Новосібір, Томбы, Омбы, Махачкала, Бішкек, Ташкент, София, Баку секілді қалалардан жас ғалымдар қатысады. Бұл да Сәтбаевқа арналған ғылыми шараның маңызын көрсетсе керек.**



## «Сәтбаев оқуының» мәні мен маңызы зор

***Токо Фуджимото, Жапонияның ұлттық этнология мұражайының ғылыми қызметкері, PhD докторы:***

«Мен Қазақстандағы көптеген жоғары оқу орындарында болдым. Солардың ішінде маңызды ғылыми шаралар өткізу жағынан жан салмайтын С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің шараларына қатысуға тырысамын. Мен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының 150 жылдығына арналған халықаралық ғылыми конференциясына тікелей қатыстым. Ғылыми шараның пленарлық отырысында ғылыми баяндама оқыдым. Жалпы маған конференция жақсы әсер қалдырды.

Сонымен қатар, сол университетте өтетін «Сәтбаев оқуы» атты конференцияның да мәні мен маңызы зор деп ойлаймын. Өткен жылы ғылыми мақаламды жіберіп конференцияға сырттай қатынасқан болатынмын. Биыл да он екінші рет өткізіліп отырған халықаралық конференцияға қатысу мақсатында ғылыми мақала жіберіп отырмын.

Алматыдағы ғалым әріптестерімнің «Сәтбаев оқуы» жайлы пікірі өте жоғары. Сондықтан да, ендігі жылы болатын конференцияға да қатысам деген ойдамын.

Сіздердің ұжымдарыңызға сәттілік, шығармашылық өрлеу тілеймін», – деп мақаласымен бірге алғысын да жолдапты жапониялық әріптесіміз.



## «Сәтбаев оқуына» қатысуға тырысамын

***Масенов Қайрат Бағашарұлы, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің тәрбие жұмысы департаментінің директоры, техника ғылымдарының кандидаты, доцент:***

«Сәтбаев оқуына» қатысуға жылда тырысамыз. Григориан күнтізбесі бойынша жаңа жыл басталысымен «Сәтбаев оқуына» қатысуға қамданам. Өткен жылы қандай ғылыми мақала жаздым, биыл қандай өзекті мәселені көтеруге болады дегенге бас ауыртамын.

Мақаламды жазып болысымен ұйымдастыру комитетіне ұсынғаннан кейін жаным тыныштталады. Иә, шындығында адамда әдет, дағды деген болады ғой! Міне, «Сәтбаев оқуына» қатысу қалыпты жағдай болды.

Содан болар С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті ұйымдастыратын «Сәтбаев оқуы» атты халықаралық конференцияны жоғары бағалаймын. Халықаралық дегеннен шығады, бұл ғылыми шараның аты затына сай.

Елімізде көптеген халықаралық конфренция-форумдарға қатыстым. Бірақ аты халықаралық болғанымен өзге мемлекеттерден келген қонақтарды байқамайсың.

Ал «Сәтбаев оқуына» қатыссаңыз жағдай мүлде өзгеше. Жылда 500-ге тарта қатысушысы Ресейден болсын, көрші қырғыз бен өзбектен, тіпті Европадан қатысушылар келіп ғылыми мақаласын қорғап жатады.

Шын мәнінде мен: «Сәтбаев оқуын» қазақ конференциясының бренді», – деп ойлаймын.



## Аты мәшһүр конфренция

***Асылбек Бекболатұлы Мейірманов, педагогика ғылымдарының кандидаты, ПМУ доценті, С.Торайғыров атындағы ПМУ ғылыми шараларды ұйымдастыру бөлімінің бастығы:***

Алғашқы өткен «Сәтбаев оқуына» өзім де қатысып, бүгінде аты мәшһүр болған шараны ұйымдастыру жұмыстарына жауап беріп жүрмін.

Шындығында студент кезімізде «Сәтбаев оқуына» қатысу үлкен абырой болатын. Ол кезде үлкен жауапкершілікпен конференцияға дайындалушы едік. Қазір де конференцияға қатысушылар жанарынан соны байқаймын. Қалай дегенмен әрбір секциялық жұмыста ондаған ізденімпаз білімділер арасында, комиссия алқасы алдында өзіңнің біліміңді дәлелдеуге тырысасың.

Шын мәнінде «Сәтбаев оқуының» маңызы жыл өткен сайын артуда. Оны статистика мәліметі растайды. Мәселен, 2001-2012 жылдар арасында өткен конференцияның динамикалық өсу шкаласы жер мен көктей.

Сонымен қатар, «Сәтбаев оқуына» қатысып жүріп, ғылым-білім жолындағы тағдырын біздің университетпен байланыстырған студент жастар көп. Олардың ішінде Оңтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облысы, Алматы мен Көкшетау қаласынан келген жастар бар. Бүгінде сол жастар конфренцияның қызықты өтуіне атсалысуда.

Бір сөзбен айтқанда «Сәтбаев оқуы» үлкен диалог, зор мүмкіндіктер жаршысы.

**Бетті дайындаған: Алпысбай ХОНЖ**





*Қ.М. АЛДАБЕРГЕНОВ*
*т.ғ.д., профессор, ҚР әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі*

# ЖЕЗҚАЗҒАН ТУРАЛЫ ЖЫР (ҚАНЫШ СӘТБАЕВ)

1926 жылы «Сібірдің жаңа Афинасы» атанған – Томск қаласының технология институты тау-кен факультетінің геология факультетін үздік бітіріп, «Сібір геология мектебінің негізін қалаушы» академик В.А. Обручевтің лайықты ізбасарларының бірі атанған Қаныш мемлекет ұсынған жылы орынға құлшынбай (Атбасар тресінің Москвадағы кеңсесі) Сарыарқаның қиыр шетіндегі Ұлытау даласына бет бұрады.

Кезінде Сарыарқа білгірі атанған, белгілі геолог И.С. Яговкин ағылшын инженерлерімен бірлесе отырып жүргізген барлауында Жезқазғанның жер астында бар-жоғы 61-62 мың тонна қара мыс қоры бар деп алдын-ала «жаназа» шығарып қойған болатын. Бірақ, жастайынан алған бетінен қайтпайтын және «Өз көзің алмаз, өзгенікі шыны…» дейтін, өзіне тәлім-тәрбие берген орыс ғалымының небір саңғақ ғұламалары В.К. Кузнецов, В.Я. Мостович, Янышевский, Лаврский, Тове, Урванцев сияқты Сібір геологтарының тәжірибелеріне сүйенген жас инженер Геолком тағайындаған ресми сарапшы, есімі әйгілі кен іздеуші, профессор В.К. Котульскийдің: «Что касается вопроса о возможных запасах Джезказгана, то они, повидимому, в лучшем случае, могут превысить вдвое известные сейчас… запасы металла» деген болжамына қарсы ашық күреске шығады («Қазақ әдебиеті» газеті. Ыждағатты ықыласпен» мақаласы, 1988, 28-қазан).

Осыған орай ол «Қарсақбай ауданы және оның мүмкіндіктері» атты мақаласында оқырмандарына өз ойын: «Ұлытау қиырынан алғаш естілетін зауыт дауылпазының ғаламат үні кең байтақ қазақ даласының әр түкпірінен жаңғырған жауап алары сөзсіз. Себебі, бұл «жаңғырықты» шексіз күштейтін қуатқа: 1) Ұлытаудың тарихи тиімділігі; 2) оның кіндік ортада орналасқандығы; 3) қазақ халқының білуге ынтызарлығы және 4) ән-жыр шығарымпаз табиғи қабілеті де… әсер етпек. Әлбетте, бұл сарыннан бұрынғыдай қайғы-қасірет, азап-мұңы, иә үмітсіздік әуені емес, мүлдем басқа сазерлік пен жасампаздық толғау естілмек. Ол енді жаңа да жаңғырған индустриялды Қазақстанның асқақ әуенді әні болмақ…», – деп жеткізген ғалым Жезқазған қазынасының көлем-нарқы жүз тоннаға дейін көбейгенін мәлімдейді (Алматы, 1968.)

Бұл туралы химия ғылымдарының докторы, профессор Алтынбек Нұхұлы өзінің «Ғасырымыздың ғұламасы» атты мақаласында «Әрине, бұл күндері үлкен Жезқазған деп аталынатын Орталық Қазақстанның күрделі таулы-қазба кен орындарын апталар мен айларда ашу мүмкін емес еді. Ол үшін жылдар керек болатын. Себебі, оның таулы жыныстарының күрделілігі өз алдына бөлек те, Сарыарқаның шөлді даласы, жазында аптапты ыстығы, қысында бет қаратпас бораны мен үскірік аязы өзгеше және ең жақын деген темір жолдың өзі 400 километр қашықтықта болатын. Оның үстіне арнайы кәсіби мамандардың (барлаушы геологтар, бұрғышылар және т.б.) саусақпен санағандай аз болғандығын қосыңыз. Міне осындай қиындықтардың бәрін, Томск технология институты тау-кен факультетінің геология бөлімін үздік бітіріп келген қазақтың алғашқы кен инженері жеңе білді. Сол кездің өзінде-ақ, алғашқы барлау жылдарынан кейін, өзіне сенімді берік Сәтбаев: «Жезқазған дүние жүзіндегі ең бай мыс кенінің бірі, алдағы жылдарда Американың атышулы мыс ошақтарын басып озып, ширегіне де келтірмей кетеді», – деген екен. Бұл сөздер іс жүзінде кейіннен орындалды да, соның алғашқы сатысын 1932 жылы жарық көреген «Жезқазған мыскен ауданы және оның минералды ресурстары» деген монографиялық еңбегінде дәлелдей түсіп және оны тез арада игерудің негізгі міндеттерін алға қойып береді. Алайда, оны алдан қиындығы көп күндер күтіп тұр еді. 1933 жылы барлау жұмысы енді қызған кезде Одақтық Геология комитеті қаржы мәселесін қысқартып, тоқтатуға дейін апарды. 35 жасар Қаныш көптеген қиыншылықтарға қарамай, Одақтық Ғылым академиясының сессиясында: «Мыс, көмір, темір-марганец рудалары және Жезқазған-Ұлытау ауданының басқа да қазба байлықтары» деп аталатын баяндамасын жасап, орасан зор кен байлығы осы аймақта жатқандығын ғылыми тұрғыдан дәлелдеп көрсетті. Алайда, кен орындары қорының мол екендігіне Одақтық геология комитеті онша сенбей, күмән туғызды. Міне, осындай Жезқазғанның тағдыры таразы талқысына түскенде» теңдесі жоқ табандылық танытқан Сәтбаев СССР Халық комиссары Серго Орджоникидзенің қабылдауында болады. Осындай келісімді кездесуден кейін ғана Үлкен Жезқазғанның тағдыры шешілгендей болады. Осы бір шешімі оң болған сәт туралы Қанекеңнен үлкен өнеге алған марқұм академик Евней Букетов: «Егерде сол кезде осы ұлы істің басында қажымас қайраты мол Қ.И. Сәтбаев болмағанда, Үлкен Жезқазған кейініректе ғана ашылар ма еді, мүмкін, қазір біздер соны игерудің алғашқы баспалдағында жүрер ме едік», – деген екен – деп орынды пікірлер айтқан.

Осыған орай «Қан ағаның (қазақ жұмысшылары оны солай атаған) ұйымдастырушылық қабілетіне тоқтай кетелік. Алғашқы бесжылдықтар, яғни, өнеркәсіпті индустрияландыру жылдарында КСРО-ның халық шаруашылығы Кеңесі жердегі түсті метал өндірістерінің күш-қуатын арттыру үшін қомақты қаржы қорын бөледі. Сондықтан, Атбасар тресінің Москвадағы басқармасы таратылып, Қарсақбай мен Спасск мыс комбинаттары дербес ұжым аталып, комбинаттың бас геологы әрі бөлім меңгерушісі Қ.И. Сәтбаев бөлінген қаржының бір бөлігін барлау жұмыстарына жұмсайды.

Осындай шаралардың нәтижесінде алғашқы кезеңде Ресей мен Украинадан жалдап әкелетін бұрғышылардың орнын енді қазақ жұмысшылары басады. Бұл туралы қазақтың белгілі жазушысы, Сәтбаев танушы Медеу Сәрсеке өзінің «Ғасыр перзенті» атты еңбегінде «Дер кезінде жасаған дайындықтың арқасында, бұл болса «Саужой» («Сауатсыздықты жою») мектептері ғана емес, қысқа мерзімді түрліше курстар ашып, әмбе соны әрбір бұрғылау станогының басында, химия лабораториясында, кендер қоймасында, шеберханалар алаңында, тіпті кәнігі автомобиль жүргізушінің қасына жолсерік болып ере жүріп, күні түні һәм айлар, жылдар бойы тынбай үйретудің соңында кешегі кіреші, түйеші, сушы, май тасушы арбакештер ортасына Баку мен Свердловтан арнайы шақырылған бұрғылау шеберлерінен титтей де кем түспейтін, қайта олардан гөрі шөл даланың аптап ыстығы мен қысқы боранында да станок құлағын ұстаудан жаңылмаған кәнігі мамандар шығады…», – деп жазған.

Бір сөзбен айтқанда, осындай жанкешті жұмыстардың арқасында бұл Геологиялық іздеу мекемесінде (ГРК) 1933 жылы 500 жұмысшы болады. Олардың 90 пайызы жергілікті тұрғындардан құрылған. Бірақ, мұның екінші жағы да болды. Орталық көп уақыт бойы бұл игі іске қарсылық жасап бақты. Мәселен, кезінде жоғарыда айтқан Геолкомнің шовинистік бағыттағы эксперттерінің бірі В.П. Симонов: «Сәтбаев жолдас түйе мінген қазақтан шебер бұрғылаушы әзірлеймін деген бопса қиялмен бекер малданып жүр, ал онысы – бос әурешілік, ешқашанда орындалмайтын, болмайтын қияли жоба!.», – деп сәуегейлік танытқан.

Бірақ, қазақ инженері осының барлығын бос сандырақ екенін ісімен дәлелдеп берді. Бұл туралы Медеу Сәрсекенің «Ғасыр перзенті» деген еңбегінде: «...Тоқ етерін айтқанда, тәжірибесі аз, есімі беймәлім, бұрын-соңды іздеп тапқан кен орны жоқ деп жүрген қазақ геологы басқарған ГРК 1931-1932 жылдардың соцжарысының қорытындылауда Түсті металл басқармасы жүйесінде бірінші орынға шығып, қаржы игеру мен бұрғылау көлемі жөнінде алдына ешбір ұжым шығармаған озық контораға айналды», – деп жазды.

1932 жылы Қ.И. Сәтбаевтың Москвадағы «Цветметиздат» баспасынан «Жезқазған ауданының мыс кені және оның минералдық қорлары» атты алғашқы ғылыми ізденістерге толы жеке еңбегі кітап болып шыққан. Мұнда автор Жезқазған кенінің қажеттілігі мен болашағы туралы мынадай нақты тұжырымдар жасаған: «Жезқазғанмен қоры жөнінен тең түсер Кеңес одағы көлемінде тап қазір де бірде-бір мыс кені жоқ; әмбе ол қазуға өте тиімді және өзі құрылыптас кеніштерде кездеспейтін экономикалық, технологиялық өзгеше сипаттарға ие; сонымен қатар Жезқазған ауданы темір, марганец күкірт колчеданы, көмір, қорғасын, асбест, отқа төзімді саз, фарфор, фосфорит, шыны, барит тәрізді аса пайдалы қазба байлықтарға, құрылыс материалдарына ерекше бай. Демек, оның осыншама зор мүмкіндіктерін халық шаруашылығының ділгір қажетіне тезірек пайдалану үшін мынадай игі шараларды жүзеге асыру қажет: а) Жезқазғанды Атасу темір кендері арқылы сенімді отын – Қарағанды көмірімен темір жолмен жалғастыру; б) Үлкен Жезқазған комбинатын салуға жедел кірісу; в) бұл төңіректегі геологиялық барлау жұмыстарын одан әрі жанжақты дамыта беру – оның қазба байлығын әлі де көптеп ашуға себепші болмақ; г) екінші бесжылдықтың жоспарында Жезқазғанда қара металл және ферромарганец өндіретін ірі комбинаттар тұрғызуды жобалау…».

Осының нәтижесі ретінде Бүкілодақтық Халық шаруашылық кеңесінің арнайы қарарымен 1932 жылдың соңында Үлкен Жезқазған зауытын салу туралы шешім қабылданады. Бірақ, өкінішке орай, бұл пайдалы іс екі жыл бойы кертартпа шенеуніктердің кесірінен жүзеге аспай тұрып қалды. Тек ұлы ғалымның жігерімен, өз ісіне сенімділігінің арқасында ғана 1934 жылы КСРО ҒА-ның қараша айында шақырылған кезекті ғылыми сессиясында қаралып, Қ.И. Сәтбаевтың бес рет қатар жасаған баяндамасының арқасында бүкілхалықтық қолдауға ие болып, қазіргі Жезқазған қаласының орны салынып, темір жолдар жүргізіліп, соғыс басталған уақытта өндіріс орындарының тамыры соға бастаған болатын.

Кезінде ұлы ғалым өзінің бұл басты мақсаттарын жүзеге асыру үшін баспасөз беттеріне жүгінгендігі анық. Енді осы қаламгерлік қырына назар аударатын болсақ, онда Қ.И. Сәтбаев жоғарыда атап кеткен еңбектерінен басқа, 1928 жылы «Қызыл Қазақстан» журналында «Қарағанды, Спасск зауыттарының қазіргі күйі мен келешегі», «Тұрлан кендерінің шамасы мен келешегі» атты бірнеше проблемалық мақалаларын жазып, заман талабына сай, күн тәртібінде тұрған өткір мәселелерге үн қосқан. Осы мақалаларға орай профессор Т. Қожакеев «Егемен Қазақстан» газетінің бетіне «Білім мен балға» деген мақала жариялап, ғалымның публицистикалық еңбектеріне төмендегідей үлкен баға береді.

«Біріншіден, Сәтбаевтың публицистикасы ғылыми, танымдық сипатта жазылады. Бұл оның кен орындарының табылу, зерттелу, іске қосылу тарихына шолу жасауынан байқалады. Мәселен, «Нілді мыс кенін 1847 жылы орыс көпесі Ушаков тапқан да, 1858 жылы айналасындағы 22 шаршы шақырым жерді қазақ иелерінен 86 сом күміске сатып алған. Ал, Тұрландағы қорғасын кені орыстарға 1800 жылдан белгілі болған. 1870 жылы жасалған Түркістан бас штабының картасында ол «Көпес Петрушин зауыты» деп көрсеткен.

**(Жалғасы 10-бетте)**









# МАҚСАТЫ АЙҚЫН КОНФЕРЕНЦИЯ



***Нұрсұлтан Назарбаев: «Еуразиялық одақ – бүгінгі күн мен болашақтың күрделі сынақтарымен өлшенетін мегажоба.***

***Ол қалыптасуы тарихтағы ең күшті жаһандық қаржы–экономикалық дағдарыстар ықпалымен басталған жаңа әлемдік архитектураның органикалық бөлшегі болудың барлық мүмкіндіктеріне ие», – деп үлкен мақсаттарды белгілеп берген болатын.***

***Осыдан кейін–ақ елімізде «Еуразиялық» идеяны желеу еткен шаралар бас көтере бастады. Міне, сондай көтерер мақсаты айқын шаралардың бірі С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті қабырғасында өтті.***

«Еуразиялық жоба: әлеуметтік-экономикалық және гуманитарлық өлшем» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясына Қазақстан мен Ресейдің белгілі қоғам қайраткерлері, ғалымдары мен саясаттанушылары қатысты. Атап айтқанда, Павлодар облысы әкімінің орынбасары А.А. Орысариев, М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің посткеңестік зерттеулер орталығының директоры А.В. Власов, «Нұр Отан» ХДП жанындағы парламентаризм Институтының зерттеулер орталығының жетекші сарапшысы, тарих ғылымдарының докторы, профессор Қ.Ж. Нугманова, «Союз» журналының бас редакторы Л.Ф. Адилова, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің Мемлекеттік-құқықтық зерттеулер институтының директоры, заң ғылымдарының докторы, профессор Б.Ж. Әбдірайым, Қазақстан халқы Ассамблеясы ғылыми-сараптамалық кеңесінің ғылыми хатшысы, ҚР Президенті Әкімшілігінің ҚХА хатшылық инспекторы, саясаттану ғылымдарының докторы Н.П. Калашникова, «Еуразиялық – жаңа толқын» қорының бас директоры Ю.Ф. Ануфриев, ТМД және Балтық елдері бас Дирекциясының директор орынбасары Э.Б. Таранова, «Солтүстік-оңтүстік» саяси орталығының Вице-президенті Ю.В. Якушека конференцияның жоғары деңгейде өтуіне атсалысты.

Ғылыми шарада алғы сөз алған экономика ғылымдарының докторы, профессор Серік Мәуленұлы, конференцияның уақыт өлшемімен саралағанда маңызы мен мәніне тоқтала өтіп, сөз кезегін Павлодар облысы әкімінің орынбасары Арын Амангелдіұлына ұсынды.

Облыс әкімінің орынбасары А.А. Орысариев бүгінгі конференцияға қыркүйек айында өтетін Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының Президенттерінің қатысуымен өтетін аймақаралық ынтымақтастығының IX Форумына дайындалу мен оны өткізуге байланысты іс-шаралар сериясының маңызды қадамы. Сондай-ақ, әкім орынбасары Павлодар облысы Қазақстан мен Ресей арасындағы байланысты тереңдетуші рөл атқырып отырған өңірдің бірі екенін атап айтты.

Конференцияда сөз алған ғалымдар арасында қатысушылар назарын өзіне ерекше аудартқан Бақытжан Әбдірайым: «Ең алдымен Еуразиялық ұғымды бір жүйеге келтіру қажет. Себебі, бүгінгі конференцияда отырғандар да «Еуразиялық жоба» ұғымын әр түрлі түсінеді. Оны Мәскеудегі ғалымдар да, Минсктегі әріптестер де өздерінше пайымдайды. Сондықтан да, ортақ түсінік, ортақ көзқарас беретіндей ұғым ету уақыт талабы», – деп пайымдады өз ойын.

Сондай-ақ, «Союз» журналының бас редакторы Л.Ф. Адилова «Еуразиялық идеяның» қажеттілігін жаһандық үрдіс қыспаққа алған заманда түсініп отырмыз. Сол себепті посткеңестік елдердің интеграциясын бір жақты саяси мәннен қарамай, мәдени-рухани, ақпараттық салада да ойлау қажеттілігіне көңіл бөлу керек», – деді.

Ғылыми шара өңіріміздің танымал ғалымдарының басын қосқан дөңгелек үстелмен жалғасты.

## ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ПІКІР-ТАЛАС

Дөңгелек үстелге жергілікті ғалымдармен қатар көршілес Ресей елінен келген қонақтар қатысты. «Союз» журналының бас редакторы Л.Ф. Адилова өз кезегінде, бүгінгі таңда Қазақстан Одақтан шыққан он бес елдің алдыңғы шебінде тұр. Бірақ бұл Қазақстан мемлекетінің қарыштап даму шегіне жетті деген сөз емес. Өз алдына ел болғалы жиырма жыл болған жас мемлекеттің алпауыт елдер қатарына қосылуына әлі талай еңбек пен уақыттың керек екендігін, ол үшін ең бірінші орында қай салада болмасын, жаңа, заманауи технолгиялар қазақ еліне ауадай қажеттігін басып айтты. Келесі бір көтерілген келелі мәселе шет ел асып білім қуған қазақ жастары жайында болды. Бұл тақырыпты қозғаған С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті Т.Садықов атындағы Саяси зерттеулер аймақтық орталығының директоры, с.ғ.д., профессор Ғ.Н Иренов өз сөзінде, «Біздің елден әлемнің дамыған мемлекеттеріне білім іздеп кеткен жастарға біз қуанамыз, тек бір қынжылатыным сол жастардың кейбірінің шет елдерде оқып – тоқып білім алған соң, елімізге қайтқысы жоқ. Мен олардың білім алып, тәжірибе жинақтаған соң отандарына оралғандарын қалар едім, білімді ұрпақсыз біздің болашағымыз бұлыңғыр» – деді. Жиында бұдан басқа да ел ертеңі үшін маңызды мәселелер әңгімеге арқау болды. Жастардың білімдерін шыңдауда, сапалы оқулықтар дайындалса, халықаралық деңгейде кездесулер жасалынып, әсіресе ғалымдар мен журналистерге арналған форумдар жиі өткізілсе, сонда ғана көршілес мемлекеттер тығыз қарым – қатынаста болып, өзара ақпарат алмасуға өз септігін тигізер еді. Дөңгелек үстелді жүргізген модератор, т.ғ.д., профессор Р.Ж.Қадысова шараны өте тартымды, парасатты жүргізді. Басқосудың соңында Павлодар облысы, Қазақстан халқы ассамблеясы хатшылығының меңгерушісі, төраға орынбасары э.ғ.к. С.Қ. Жетпісбаев Ресей елінен келген құрметті қонақтарға ынтымағы жарасқан көпұлтты қазақ елі атынан «Біз тұратын үй», атты кітапты естелік сыйлық ретінде тарту етті.

## ҒЫЛЫМИ ШАРАНЫҢ ТҮЙІНІ

Қазақстан мен Ресей ғалымдары, саясаттанушылары бас қосқан интеллектуалды шараның қорытындысы ретінде конференцияның резолюциясы қабылданды.

Ортақ шешім бойынша:

Біріншіден, біріңғай әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-білім берушілік кешенді орнына келтіру, дамыту үшін жағдай жасау.

Екіншіден, экономика, мәдениет, ғылым және білім беру саласындағы бірыңғай саясатты іске асыру, еуразиялық интеграцияға қатысу Еуразиялық Одаққа кіретін мемлекеттердің егемендігіне қайшы болмау.

Үшіншіден, одақ мүшесі болу мемлекеттерге макроэкономикалық жағдайды қалпына келтіруге, халықтың өмір сүру деңгейін көтеруге және біріктірілген ғылыми-техникалық, өндірістік және шикізат базасы негізінде инновациялық экономиканы құруға мүмкіндік беру секілді маңызды шешімдерді белгіледі.

**PS. Осыдан 18 жыл бұрын М. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде ҚР Тұңғыш Президенті-Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың көтерген «Еуразиялық жоба» идеясы өміршеңдігін дәлелдеуде.**

**Нұрлат БАЙГЕНЖЕ**
**Алпысбай ХОНЖ**

# ОЛИМПИЙСКАЯ ВЕСНА

***Студенты ПГУ им. С. Торайгырова традиционно являются активными участника–ми олимпийского движения. По итогам республиканской студенческой олимпиады в разных вузах Казахстана студенты университета подтвердили высокий уровень подготовки и заняли призовые места.***

Концепция современного образования предполагает углубленную подготовку высококвалифицированных специалистов по выбранным ими профилям обучения. Всестороннее развитие личности студента является целью, основой и условием эффективности его профессиональной подготовки, а образование становится все более функциональным и эффективным.

Одним из эффективных способов проверки теоретической и практической подготовленности будущих специалистов являются студенческие олимпиады.

Студенческие олимпиады являются важнейшим средством активизации творческого потенциала будущего специалиста, развития научно-исследовательской, организационно-педагогической деятельности и пропаганды научных знаний.

Олимпиада призвана способствовать выявлению и отбору творчески мыслящей молодежи для научно-исследовательской, административной и организационно-педагогической деятельности, магистерской и докторантской подготовки. Приобретенный в процессе олимпиады творческий опыт может быть использован кафедрами для дальнейшей модернизации учебного процесса и развития внутривузовского олимпиадного движения.

Согласно сложившейся у нас в республике традиции, весна – это время республиканских студенческих олимпиад. Самые сильные и подготовленные студенты состязаются в интеллекте, профессиональных и научных знаниях. Быть в числе лучших среди всех студентов республики – это большая честь и радость. Это итог кропотливого труда студентов и их наставников – преподавателей. Мы с огромным удовольствием поздравляем тех, кто принял вызов соперников и, встав под олимпийские знамена, сумел проявить высокий уровень знаний, твердость характера, творческие и интеллектуальные способности.

Призеры республиканских олимпиад – это студенты разных факультетов и специальностей ПГУ им.С.Торайгырова. Ниже представлены имена наших героев.

***Гуманитарно-педагогический факультет***

*Специальность:* «Переводческое дело». Место проведения олимпиады – КазУМОиМЯ им. Абылай хана (г.Алматы) Студентка группы ПД(н)-402 Жаманкенова Диана заняла 3 место в личном зачете. Студент группы ПДА –302 Калиев Дархан одержал победу в номинации «Лучшее использование стилистических приемов в переводе». И «Лучший письменный перевод» получился у студентки группы ПДА –302 Кнутас Татьяны.

*Специальность:* «Иностранная филология». Почетной грамотой в номинации «Лучшая презентация» награждена студентка группы ИФ(а) –302 Усенова Сания. А студентка группы ИФ(а) Мырзабекова Аяш написала «Лучшее эссе».

*Специальность:* «Русская филология». Место проведения: Северо-Казахстанский государственный университет им. М. Козыбаева г. Петропавловск

Студенты группы РяИЛ 402 Чайкина Юлия, Алигазина Дурия, Сулейменова Айгуль – заняли 3 общекомандное место. Также в личном зачете отличилась студентка Чайкина Юлия, занявшая 3 место.

*Специальность:* «Социальная работа». Место проведения олимпиады – КарГУ им. Букетова (г.Караганда). Студенты группы СР-302 Есманов Ильдар и СР-402 Елеутаев Азамат и Морозова Зоя заняли 3 общекомандное место.

***Факультет химических технологий и естествознания***

*Специальность:* «Биология и экология». Место проведения олимпиады – КазНУ им.Аль-Фараби (г.Алматы) в личном зачете отличилась студентка группы Б-402 Муканова Айнур, занявшая 3 место.

Биологов и экологов Павлодарского государственного университета им. С. Торайгырова представляла команда студентов групп Б-402, Эк-302 и Эк-402 – Уалиева Римма, Муканова Айнур, Молдабаева Айдана, Каштапиева Аяжан, Мапитов Нариман и Кожанов Дамир, которые заняли 2 общекомандное место.

*Специальность:* «География» Место проведения – КазНУ им. аль-Фараби (г.Алматы). Студенты второго, третьего и четвертого курсов специальности «География» – Амиргалиева Улпан, Аушахманова Жанар, Мухтаева Ажар, Ракишева Айгуль, Шайхина Альмира, Байдуманов Абай заняли 3 общекомандное место.

***Факультет металлургии, машиностроения и транспорта***

*Специальность:* «Нефтегазовое дело». Место проведения – КазНТУ им. Сатпаева (г.Алматы) Студентка группы НГД –304 Хайбулина Рузалия в личном зачете заняла 3 место.

***Факультет истории и права***

*Специальность:* «Юриспруденция». Место проведения: Казахский Гуманитарно-Юридический Университет.

В данной олимпиаде принимала участие команда ПГУ им. С. Торайгырова в следующем составе: Олжабаев Б.Х., к.ю.н., доцент кафедры правоведения – руководитель, студенты гр. Юр-302 факультета истории и права Федорова Екатерина, Баймагамбетов Дастан, Кусиденова Жулдыз, Мищенко Алексей, Кальмухамбетова Мадина.

Решением республиканской комиссии по итогам олимпиады команде ПГУ им. С. Торайгырова присуждено 2 общекомандное место с вручением диплома и ценного приза. В индивидуальном зачете диплом 3-й степени и ценный подарок вручен студентке группы Юр-302 Федоровой Екатерине Николаевне.

Студенты Павлодарского государственного университета им. С. Торайгырова достойно представили родной вуз, город и область. Они приложили максимум усилий и вошли в тройку сильнейших команд республики, проявив при этом высокий интеллект и эрудицию.



# Сұхбат



# Ректормен болған сұрақ жауап http://www.psu.kz/ сайтынан алынды

***Мадина:***

**Здравствуйте! Окончив филологию казахского языка, могу ли я поступить в магистратуру на другую специальность? Если да, то на какие специальности?**

***Ректор:***

*Уважаемая Мадина!*

*Подготовка научных, педагогических и управленческих кадров в магистратуре осуществляется по двум направлениям:*

*– научному и педагогическому со сроком обучения 2 года;*

*– профильному со сроком обучения не менее 1 года.*

*Срок устанавливается в зависимости от предшествующего уровня подготовки и наличия пререквизитов. Тем самым, Вы можете поступить на любую специальность магистратуры, по которым зачтенные Вам дисциплины позволяют освоить полную образовательную программу. Более подробную информацию Вы можете получить на факультете довузовского обучения и профориентации (тел. 67-37-73).*

***Ардак:***

**Здраствуйте, Серик Мауленович! Будете ли вы продвигать футбол в университете?**

***Ректор:***

*Здравствуй, Ардак!*

*На протяжении последних 3 лет в ПГУ ведется работа по развитию популярных среди студентов спортивных игр: футбол, минифутбол и футзал. Павлодарский государственный университет им. С. Торайгырова был инициатором проведения турнира по футболу среди студенческих команд РК, посвященного памяти академика Садыкова Т.С., в этом году будет проводиться третий по счету турнир.*

*В ПГУ им. С. Торайгырова проводятся спортивно-массовые мероприятия среди профессорско-преподавательского состава по видам спорта, в том числе и по футболу. В целом мы обязательно будем продвигать футбол. Тренировки начинаются с Мая месяца.*

*Расписание секции футбола (юноши): Место проведения занятий: стадион ПГУ им. С. Торайгырова*

*Понедельник с 16.00 часов – 18.00 часов*
*Вторник с 16.00 часов – 18.00 часов*
*Среда с 16.00 часов – 18.00 часов*
*Четверг с 16.00 часов – 18.00 часов*
*Пятница с 16.00 часов – 18.00 часов*

*Контактные телефоны стадиона ПГУ и дирекции спортивных сооружений: 67-36-68.*

***Амангелді:***

**Университет тарапынан өткізілетін ғылыми сайыстар жайлы қайдан білуге болады?**

***Ректор:***

*Құрметті Амангелді!*

*С. Торайғыров атындағы ПМУ-да жыл сайын ҚР Президенті тағайындаған, сондай-ақ С.Торайғыров атындағы ПМУ-дың атаулы 7 стипендиясы 3-4 курс студенттері арасында және де магистранттар арасында Қ. Сәтбаев атындағы 2 атаулы стипендияларды беру үшін сайыс өткізіледі.*

*Стипендиялар күндізгі бөлімде оқитын 3 курс студенттеріне, оқу бағдарламасын үздік меңгерген, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысатын, ғылыми табыстары дипломдармен (немесе басқа да құжаттармен) дәлелденген, халықаралық және республикалық олимпиадалардың, сайыстардың, спорт жарыстары мен фестивальдердің және т.б. жеңімпаздарына тағайындалады. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ынталандыру мақсатында студенттерге жыл сайын ПМУ-дың келесі ғылыми сыйақылары тағайындалады:*

*Әдебиет және өнер саласындағы үлесі үшін П. Васильев және С. Торайғыров атындағы әдеби сыйақылар; Мемлекеттік тілді жетілдіруге және насихаттауға үлес қосқаны үшін, мемлекеттік тілді толық меңгерген басқа ұлт өкілдері студенттеріне 5 А.*

*Байтұрсынов атындағы «Тіл жанашыры» сыйақысы; Гуманитарлы ғылымдарды дамытуға үлес қосқаны үшін Т.С. Садықов атындағы 2 сыйақы.*

*Толық ақпаратты ғылым департаментінің ғылыми басылымдарды жоспарлау және үйлестіру бөлімінде (каб. 527 А, тел. 673683 ішкі 1111, 1235) білуге болады.*

*Министрліктермен, ведомстволармен және тағы басқа ұйымдармен, сонымен қатар ішкі университеттік, ПОҰ және студенттер арасындағы сайыстар мен олимпиадалар туралы жариялаған ақпаратты С. Торайғыров атындағы ПМУ-ң білім беру порталында «Жаңалық» бөлімінде, факультет деканаттарында және инновациялық даму және ғылыми зерттеулер департаментінің инновациялар және жаңа технологиялар (127 каб.), ғылыми-зерттеу жұмыстар және патенттіклицензиялау қызметінің (243 каб.) бөлімдерінде алуға болады.*

***Шатских Татьяна:***

**Здраствуйте Серик Мауленович! Я студентка колледжа Инеу. В этом году заканчиваю учебу по специальности Правоведение.Хотела спросить у вас есть ли гранты на учителя правоведения в этом году?**

***Ректор:***

*Здравствуйте, Татьяна. В нашем вузе ведется подготовка специалистов по специальности «Юриспруденция» на факультете истории и права. Вы можете продолжить обучение по предлагаемой нами специальности. Срок обучения по сокращенной форме не менее трех лет, обучение осуществляется на платной основе, зачисление по результатам комплексного тестирования.*

*К сожалению, в нашем университете нет специальности «Основы права и экономики». Однако, если Вы желаете обучаться на государственном образовательном гранте по этой специальности, то Вам необходимо поступать на полный курс – четыре года (очная форма обучения) в вуз в котором есть эта специальность.*

# ҚАЗАҚСТАН ТУРИЗМНІҢ БОЛАШАҒЫ ЗОР

***Халықаралық ынтымақтастық жөніндегі неміс экономикасы қорының қолдауымен, SES бағдарламасы аясында туризм саласының доценті Петер Хупперт университет студенттеріне туризм және маркетинг бойынша дәріс беруде.***

***Шетелдік лектордың Қазақстан туризмін дамыту бағыты жөніндегі азаматтық көзқарасын білу мақсатында әңгіме дүкен құрған болатынбыз.***



**– С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде туризм саласы бойынша дәріс оқудасыз. Білім ордасындағы студенттердің өмірлік белсенділігі, дәріске қатынасуы қандай деп ойлайсыз?**

– Жастардың бәрі өмірде белсенді, ізденімпаз болулары қажет. Бұл – өмірдің заңы.

Сіздердің университеттеріңіздің студенттері де жоғарыдағы қағидаға сай белсенді, білімге құштар, берген тапсырмаларды мұқият орындайды, ой-пікірлерін ашық айтып, терең ойлауға тырысады. Жалпы байқағаным университет жастары білімге қызығушылық танытады.

**– Павлодар қаласының туризмдік инфоқұрылымы қандай деңгейде?**

– Мен АҚШ, Испания, Португалия, Африка елдерінде болдым. Сондықтан туризм саласын байқап салыстырма жасадым. Жалпы менің байқағаным Қазақстанда туризм әлі де болса қарқынды даму үстінде. Сондықтан да кейбір туындайтын мәселелерді бірігіп шешу керек.

Жуырда Павлодар қаласындағы ұлттық паркте болдым. Әрине, парк өте әдемі, бірақ одан әрі көркейту үшін біраз жұмыс жасалуы қажет.

**– Сіздің ойыңызша, туризм саласы бойынша біздің өңірге не жетіспейді?**

– Біріншіден, қоғамға дұрыс туризм туралы жарнама жеткізу керек. Екіншіден, қаланың кез келген саябақтарында, ұлттық парктерінде қонақтарға ыңғайлы жағдай жасалып, танымдық ақпараттар мол болуы тиіс. Мысалы, ұлттық нақышты бейнелейтін ескерткіштер болса екен. Өйткені, әр шетел азаматы Қазақстанға келгенде, халықтың ежелгі ұлттық мұрасына назар аударады. Сол жағын біраз ескертсеңіз деп ойлаймын.

Сондай-ақ, менің ойымша қыста шаңғыны қалай тебу керектігін түсіндіретін, жазда суда қалай жүзу керек секілді жайттарды түсіндіретін жағдайлар ескерілсе. Бірақ, Павлодардың келешегі зор. Өйткені, табиғаты сұлу таңғаларлық жерлері көп деп естідім.

**– Сіз Павлодар облысындағы табиғи ландшафтары әсем Баянауылда болдыңыз ба?**

– Өкінішке орай жоқ, осы күнге дейін болған емеспін.

**– Жалпы барамын деген ойыңыз бар ма?**

– Күні ертең барғалы жатырмын.

**– Қай елде туризм жақсы дамыған?**

– Австралия елінде мемлекеттік бюджетінің 40 пайызы туризм саласы бойынша кіреді. Германияда туризмдік кіріс 7 пайызды құрайды.

Жалпы туризм басқа экономикалық сектормен салыстырғанда мультиприкаторлықтың аса үлкен пәрменділігіне ие. Ол тікелей және жанама түрде экономиканың 32 секторына есер етеді (бұл турфирмалар, көліктің барлық түрлері, қонақүй кешендері, тамақтандыру жүйесі, демалыс үйлері, санаторийлер, ұлттық кәсіптер, парктер және тағы басқалары). Онымен қосабұл әлемдік өндірістегі әрбір тоғызыншы жұмыс орны.

**– Қазақстан туризмің дамытудың қандай жолдары бар. Туризмді дамыту үшін ең бірінші неден бастау керек?**

– Қазақстанның табиғаты ерекше әсем, және әртүрлі тарихи ескерткіштердің өз ерекшеліктері бар. Сонымен қатар, Қазақстан әлемде жағымды имидж қалыптастырған ел. Сондықтан сіздерде туризм саласын дамытудың мүмкіндіктері көп. Атқарушы билік соған назар аударса, туризм ел бюджетіне қомақты қаржы алып келер еді.

Өзім болған Ақтаудың Каспий жағалауын, Алматыдағы таулы аймақтарын жақсы пайдалануға болады. Бірақ, туризмді дамыту үшін ең бірінші инфоқұрылымды жетілдіру керек, екіншіден өте жақсы жарнама қажет. Осы мәселелер шешілсе Қазақстан туризмі алдағы он жылда бюджетке 10 пайыз кіріс әкелетін болады.

**Анар ТАСКАРИНА**

# ЗАМАНАУИ БАҒЫТТА ЖҰМЫС ЖАСАЙТЫН ҒЫЛЫМИ ОРТАЛЫҚ



***Қазақ ғылымын дамыту, оны өндіріске айналымға кіргізу бүгінгі заманның бірден-бір талабы болып отыр. Осы орайда ауыл шаруашылығын өркендету де басты назарда тұрған саланың бірі. Соның ішінде, ата-бабамызға кәсіп пен нәсіп болған мал шаруашылығын ғылым арқылы дамыту да ерекше көзделіп отырған жайт. Ал, заман талабы сан емес сапаға ойысуда.***

***Осы бағытта өңірімізде қомақты ғылыми табыстарға жетіп отырған С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде құрылған биотехнологиялық ғылыми-тәжірибелік орталығы. Тақырыпты тарқата түсу мақсатында аталған орталықтың директоры, б.ғ.д., профессор Мағаш Аятханұлымен әңгімелескен едік.***

**– Мағаш Аятханұлы, жалпы осы орталықтың құрылуы жайлы сыр шертсеңіз…**

– Алғаш 2004 жылы «Асыл» ғылыми-тәжірибелік орталығы Биология-химия факультетінің жанында құрылды. Ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор Т.К. Бексейітов, зоотехник Қ.Д. Жанайдаров, биотехнолог – селекционер Р.Б. Абелдиновтар осы орталықтың негізін қалаған болатын.

2005 жылы «Асыл» ғылыми-тәжірибелік орталығы «Биотехнология ғылыми-тәжірибелік» орталығы болып өзгертілді. Ал, 2005 жылы заманауи құрал, жабдықтар мен дәрі-дәрмектер Германиядан (Бавария, Нойштад Айш) әкелінді. Осының нәтижесінде Биотехнология ғылыми-тәжірибелік орталығында мүйізді ірі қара малдың ұрығын (эмбрионын) көшіріп отырғызатын жаңа зертхана бой көтерді.

Ал өткен жылдан бастап «Эмбрион трансплантологиясының Қазақстан-Германиялық ғылыми-тәжірибелік орталығы деп жаңа атау алды.

**– Осы уақытқа дейін қандай жобалар жүзеге асырылды? Солардың бірқатарына тоқтала кетсеңіз…**

– Ең әуелі, Еуро одақтың Орта Азияда мал шаруашылығын дамытуды көздеген кіші жобасын жеңіп алдық. Бұл жобаны 2005-2007 жылдар аралығында Монғолия ғалымдарымен бірлесіп атқардық. Осы жобаның қаражатымен Қазақстаннан 10 магистрант (ПМУ-ден 5 және Астанадағы Агротехникалық университеттен 5) Ұланбатырда Франция, Бельгия, Италия профессорларынан ағылшын тілінде өткізген дәрістерін тыңдап, магистрлік зерттеу жұмыстарын табысты қорғап қайтты.

Павлодар өңірінің ЖШС мен ШҚ-ның сұраныстары бойынша 10-нан астам ғылыми-тәжірибелік жұмыстарды келісім шартпен атқарып келеміз. Осының арқасында жыл сайын 700 мыңнан 1 млн. теңгедей қаражат университет қорына түсіп отыр. Атқарған жұмыстарымыздан да азды-көпті табыс шықты. Мәселен, осыдан 3 жыл бұрын «Абай» атындағы ЖШС-да өсірілетін бір симменталь тұқымды сиырдан сауын мерзімінде орта есеппен 2000 литр сүт сауылған болса, қазір бұл көрсеткіш қазір 2500 литрге көтерілді. Бұл селецияның нәтижесі. Ертіс өзенін бойлай өсетін аир лотус (лядвениц, роготый) деген бұршақ тұқымдас құнарлы өсімдіктен сүрлем жасап, оны дәстүрлі азыққа қосып беру арқылы сауын сиырдың сүтін 1-2 литрге, бордақыланған бұқашықтың салмағын 20-30 кг-ға арттыруға болатыны «Қызылжар-Құрымсы» ЖШС-де өткізген тәжірибе анықтап отыр.

**– Қара шаңырағымыздағы Биотехнологиялық орталық жайлы әңгіме өрбігенде мал шаруашылығы, жануарларды қолдан ұрықтандыру мен ұрық көшіріп отырғызу жайлы айтылып жүр. Жалпы осы турасында не дейсіз?**

– Қолдан ұрықтандыру мәселесі заманауи технологияны пайдалану арқылы жүзеге асуда. Бізде бүгінге дейін халықаралық стандартқа сай емес, ескі технология қолданылып келді. Сондықтан, жаңа технологияның артықшылығын шаруашылықтарға көрсету, мамандарына үйрету арқылы өндіріске енгізу бағытында бірталай жұмыс атқарылды. Қазақтың ақбас сиырларын герефорд бұқаның мұздатылып ерітілген шәуетімен қолдан ұрықтандыру нәтижесі жаман емес, 85-90 пайызды құрады. Демек, туылатын бұзаудың сапасы артады, беретін өнімі молаяды деген сөз. Ал, ұрық көшіріп отырғызуға келетін болсақ, бұл бұқаның шәуеті емес, аналықтың жыныс жасушасымен спермий біріккен, құрсақта дамуға дайын болған зәузат (зигота). Тұқымдылығы, өнімділігі жағынан ең таңдамалы, сапалы сиыр мен құнды бұқадан жаралған осы ұрықтарды жергілікті жердің қарапайым сиыр малдарына көшіріп отырғызу арқылы сапалы төл аламыз.

**– Ал, жаңағы ұрықты көшіріп отырғызғанда қаншасы дамып межелі мақсатты орындайды?**

– Жалпы, ұрықты көшіріп отырғызу биотехнологиясы мүйізді ірі қара малда көп қолданылады. Табынды жылдам сапаландырудың негізгі тәсілі болып табылады. Біз «Ертіс тәжірибелік шаруашылығы» ЖШС-де және «Луганск» тұқымдық шаруашылығында тәжірибе өткіздік. Қанымдаушы (донор) сиырдан бір жолда 7-9 ұрық алуға болады. Оның 4-5 көшіріп отырғызуға жарамды. Бұл дегеніміз бір сиырдан жылына орта есеппен 40-50 жарамды ұрық алынатынын көрсетеді. Сөйтіп, сапалы сиырдан жылына бір емес аз дегенде 20-25 бұзау алуға болатын мүмкіндік бар. Біздің жағдайда көшіріліп отырғызылған ұрықтың 45-50 пайызы қабылдаушы сиырларда дамитыны зерттеуден белгілі болып отыр. Бүгінде осы тәсілмен алынған 10 бұзау өңірімізде өсірілуде.

**– Аға, жалпы осы ғылым саласындағы мемлекеттің көмегі, қолдауы қаншалықты болып жатыр?**

– Елбасы ғылымды дамытуға ерекше мән беріп келеді. Ғылымды дамыту туралы жаңа заңда шығарылады, ғылымға деген қамқорлық та арта түсуде. Қазір біздің орталықта Білім және ғылым және ауылшаруашылық министрлігінің 2 жобасымен жұмыс жасаудамыз. Жобаның көлемі 4,5 млн. теңге. Бұл екі жобаның берері мол. Тыңғылықты жұмыс жүргізу арқылы жүзеге асырылғалы отырған жобаның атқарар ісі де қомақты. Бұл ретте, университетіміздің ректоры Серік Мәуленұлының ерекше қолдауын айта кеткен жөн.

**– Бүгінгі жалпы қазақ ғылымы төңірегінде оның барысы жайлы не дейсіз?**

– Жоғарыда айтып өттік қой, елбасының бастамасы мен ерекше қолдауының нәтижесінде жүзеге асатын нақты ғылымға деген сұраныс арта түсуде. Ғылым қашанда мемлекеттің сұранысына, атап айтсақ, шаруашылық пен өндірістің дамуына үлес қосарлық өзекті мәселелердің шешім табуына жауап беру керек. Біздің мемлекетке қашанда өндірісті дамыту, өндіргіш күштерді қарқындату қажет. Жасанды, қағаз жүзіндегі ғылымды қазіргі нарықтық заман қабылдамайды. Оның дәурені өткен. Тағы да мынаны үнемі назардан шығармау керек. Ол – тұғырлы зерттеулерді де ұмыт қалдырмай бірге алып жүру. Осының арқасында ғылым жаңа жетістіктерге қол жеткізеді және технологияны жаңартуға зор мүмкіндік болады.

**– Жақында «Сүтті сиыр шаруашылығы үшін ұрық көшіріп отырғызудың маңызы» атты семинар өтті. Жалпы шараның көтерген жүгі, қарастырған мәселелері жайында тоқталсаңыз…**

– Семинар ауыл шаруашылық министрлігінің «Өсіп-өну биотехнологиясының тәсілдерін сүтті сиыр шаруашылығына қолдану» атты гранттық жобасы бойынша өтті.

«Сүтті сиыр шаруашылығы үшін ұрық көшіріп отырғызу маңызы» семинарына белгілі ғалымдар Б. Өтеғұлов, Қ. Ұлықпан, Б. Мұстафаев және облыстық ауылшаруашылығы департаментінің бас маманы Қ. Байсарынов, Ертіс ауданының бас маманы А. Жамалинов, жетекші ғылыми қызметкері Т. Мубараков және т.б. қатысты.

Батыс Европа елдері мен АҚШ-да биотехнологияны пайдаланып селекция қарқынын 3 пайызға көтеруге, құнды сиырдан жылына 60-70 бұзау алуға болатын жайлы мәселелер семинардың негізгі өзегі болды.

Семинардың қорытындысы бойынша: Павлодар облысы әкімшілігіне, облыстық Ауылшаруашылық департаментіне ұсыныс жасалды.

Ұсыныста: біріншіден, мүйізді ірі қара малдың ұрығын көшіріп отырғызу биотехнологиясы бойынша облыстық орталық құрып, осы биотехнологияның жетістіктерін өндіріске енгізіп пайдалану бағытында жұмыстар атқару қажет. Мұндай орталықтар Алматы мен Қызылжар (Петропавловск) қалаларында нәтижелі жұмыс жасауда. Екіншіден, ұрық көшіріп отырғызу биотехнологиясы арқылы нәсілдігі құнды, өнімі мол, асыл тұқымды ірі қара малдың тобын (тұқымдық ядросын) шығару мақсатында ғылыми-тәжірибелік жоба қабылдап, оны қаржыландыру секілді мәселелерді алға тарттық.

**– Рахмет, аға! Қашанда елге берер ерекше жаңалықтарыңыз бен өнімдеріңіз көбейе беруге жазсын!**

**Сұхбаттасқан Айдана АЙТУҒАН**

## ❍ ҒЫЛЫМИ ЖАҢАЛЫҒЫҢЫЗ БАР МА?



**Биология ғылымдарының докторы, профессор Қаман Ұлықпан:**

Ғылыми жаңалық дегеннен ғылыми ізденіс, ғылыми зерттеу жұмысы десек дұрыс секілді. Олай дейтінім, Германияның Геттинген университеті мен Моңғолияның ұлттық университеті және С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті өзара келісім шартқа 2010 жылы қол қойған болатын. Біріккен жоба 2013 жылы ғылыми қорытындысын шығаруға тиіс.

Жоба бойынша Алтай тауларындағы қарағайлы орманның эко жүйесін зерттеп жатырмыз. Біріккен ғылыми жобаның негізгі міндеттерінің бірі Алтайдың теріскей беті (Моңғолия жағы) мен Қазақстандағы Алтай тауларының қарағайлы орман айырмашылықтарын салыстырмалы зерттеу. Мысалы, Моңғолия өңірі мен қазақ жеріндегі Алтай тауындағы қарағайлы орманның биологиялық алуантүрлілігі қандай мөлшерде сақталған, қандай факторлдың табиғи тепе-теңдікке әсері мол дегендей сұрақтарға баға беру.

Бүгінде Қаман Ұлықпан, Ұлжан Бүркітбайқызы, Сергей Васильевич, Тамара Николаевна, Гүлжан Тұрысбекқызы секілді ғалымдардан құрылған жұмыс тобы қорытындының алғы шарттарын жасауда. Мәселен, Моңғолия мал шаруашылығы дамығандықтан Алтай тауындағы қарағайлы ормандарға малдың әсері жоғары (өсімдіктер мен өскін қарағайларға), Қазақстандағы Алтайға көрік беріп тұрған қарағайлы орманға антропогендік (адам әсері) әсер басым. Сонымен қатар, моңғол даласындағы қарағайлы ормандарға қарағанда қазақ жерінде табиғи эко жүйенің алуан түрлігі жақсы сақталған. Демек, табиғи тепе-теңдік балансы дұрыс деңгейде.

Сонымен қатар, қарағайлы ормандағы ағаш діңіндегі жылдық шеңберді зерттеу арқылы осыдан он жыл бұрын, жарты ғасыр бұрын, керек десеңіз ғасыр бұрынғы табиғат (құрғақ не ылғалды болды ма, әлде қыс қатты балды ма немесе көктем кеш шықты, болмаса жаз ыстық болды) қандай болған деген сұраққа жауап аламыз.

Өзіңіз білесіз қазіргі күні жыл сайын күн жылынып бара жатыр. Біз ағаштар діңгегін зерттеу арқылы осыдан жиырма жыл бұрын осындай жағдай болды ма, әлде болған жоқ па деген сұраққа жауап іздейміз. Мүмкін бұл табиғи айналып келетін цикл ме, әлде шын мәнін де ғаламдық жылыну орын алуда ма? – деген сұрақтың жауабына қанығамыз. Демек, бұл зерттеу жұмыстарының маңызы мен мәні зор.

Алдағы уақытта біріккен жоба шеңберінде Геттинген университеті біздің білім ордамызға заманауи жабдықтармен жабдықталған Дендрохронология лабораториясын орнатып береді.

Міне, бұл лаборатория жоғарыда атаған ағаш діңіндегі зерттеу жұмысын оңайлатып, ғылыми зерттеу жұмысы едәуір жақсы жүруіне септігін тигізеді.

# Факультет тынысы



## ХИМИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ

### *БІЛІМДІЛЕР БӘСЕКЕСІНЕН ЖЕҢІСПЕН ОРАЛДЫ*

2012 жылдың 26-30 наурызы аралығында Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті география ілімі бойынша білімін шыңдап жүрген жастарды жинады.

Республикалық студенттердің пәндік олимпиадасына Астана, Алматы, Семей және Павлодар қаласынан 12 команда жиналып, жағрапия ғылымы бойынша сайысқа түсті. Олимпиада барысы таныстыру, тест бойынша және жазбаша түрде практикалық білімдерін тексеру секілді 3 кезеңмен қатысушылардың білімін сынап саралады.

С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті атынан қатысқан команда география мамандығы бойынша оқып жүрген студенттерден жасақталып, өнер көрсетті. Команда сапында сауатты өнер көрсеткен Ұ.Амиргелиева, Ж. Аушахманова, А. Мухтаева, А. Ракишева, А. Шайхина, А. Байдумановтардың сапалы да саналы білімдерінің нәтижесінде КДМ (креативные, деловые, молодые) тобы 3 орынға ие болды.

Команданың ғылыми жетекшісі география ғылымдарының докторы, профессор Қ.Т. Сапаров: «Біз алғаш рет республикалық деңгейде өткен білім додасына қатысқандықтан қателіктер болды. Дегенмен де, бұл қателіктерді жойып, келесі білім сайыстарында нәтижені жақсартамыз деп ойлаймын», – деп қуанышын жасырмады.

**PS. Иә, Академик Қаныш Сәтбаев шыққан топырақтан мықты географ мамандар шығуы заңдылық.**

**Алпысбай ХОНЖ**



## ГУМАНИТАРЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ

### *ОРЫНДАЛҒАН АРМАН*

Іңгәлап дүние есігін ашқаннан бері әсем әнге құмартып, өмірін өнерге жалғастырған, «Өмір деген ол мұхит – батасың да кетесің, тәуекел түбі жел қайық – өтесің де кетесің», – деген қағиданы ұстанған, кішкентайынан үлкен бір сахнада концертім өтсе екен деп армандаған Гуманитарлық-педагогикалық факультетінің, орындаушылық өнер кафедрасының 3-ші курс студенті Әсел Құлжанованың кешегі күн ПМУ-дің концерттік залында «Орындалған арман» атты жеке концерті өтті.

Әселдің өмірге деген құлшынысы, әркез жолы болмай жатқанда мойымай, алға ұмтыла білетін ынта-жігері қасында жүргендерді таң қалдырмай қоймайды. Концертке дайындық барысында жанындағы жолдастарының барлығы бір кісідей жұмыла көтеріп, әрқайсысы қолдан келген көмектерін аямай үлкен бір отбасындай жұмыс жасағанымызды көргенімде Әселдің жолдастарының ортасында сыйлы да беделді екенін байқадым. Жанды дауыспен концерт өткізу өте көп жұмысты, дайындықты талап етеді. Осының барлығына шыдап үміт артқан, сеніммен келген көрермендердің көңілдерінен шыққанда көңіліміз көкке жеткендей болды. Үлкен алғысымызды Айдын Абдиюсуповқа, Асланбек Тұғаевқа, Сабина мен Асылтасқа, Тоқтар мен Жадосқа білдіргіміз келеді. Ал Әселдің өнері осы концерттен шыңдала түсіп, оның орындауындағы концерттерді әлі де үлкен сахналардан көреміз деген сенімдеміз. Өнерің өрге өрлесін!

**Қымбат БАЛАЖАНОВА**




## АГРОТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ

### *СТУДЕНТТЕР ЖҰМЫССЫЗ ҚАЛМАЙДЫ*

2012 жылдың 20 сәуірінде С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті Агротехнология факультетінде «Вакансия жәрмеңкесі» атты шара өтті.

Шараның негізгі мақсаты еліміздің тұңғыш президенті елбасы Нұрсұлтан На¬зарбаев мемлекеттік кадр саясатын тиімді пайдалану және жас мамандарды жұмыспен қамтамасыз ету тапсырмасын тыңғылықты орындап, биылғы түлектерді жұмыспен қамтамасыз ету.

«Зоотехния», «Азық-түлік өнімдерінің технологиясы», «Орман ресурстары және орман шаруашылығы» мамандығы бойынша бітіретін 68 студентті өңіріміздің кәсіпорындары мен комбинаттары, ауылшаруашылық мекемелері жұмысқа шақырды. Атап айтсақ, ЖШС Павлодар нан-тоқаш комбинаты, АҚ «Роса», АҚ «Сүт», Рубиком ЖШС, Ертіс тәжірибелік шаруашылығы, Баянауыл ұлттық паркі және т.б. мекемелері бар.

Шара барысында Агрономия факультетінің деканы, ауылшаруашылық ғылымдарының докторы, профессор Тоқтар Кәрібайұлы жұмыс беруші мекемелердің өкілдерін ұжымның техникалық-базалық қондырғылары мен лабораториялық жабдығымен таныстырды. Факультет деканы осылайша заманауи талаптарға жауап бере алатын лабораторияларда білімдерін шыңдаған студенттердің базалық білім деңгейі жоғары екендігін баса айтты. Сонымен қатар, Т.К. Бексейітов университетімізде білім алған жоғары клавикациялы студенттер өңіріміздің кез-келген мекемелерінің жұмысына серпін беріп, дамуына атсалыса алады деді.

Вакансия жәрмеңкесінің қорытындысы бойынша қатысқан 68 студенттің жұмыс жасайтын мекемелері белгілі болды.

**Нұрлат БАЙГЕНЖЕ**

## СӘУЛЕТ-ҚҰРЫЛЫС ФАКУЛЬТЕТІ

### *ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ҰРПАҚ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ*

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті «Интеллектуалды ұлт-2020» бағдарламасын өңірде жүзеге асыру мақсатында түрлі шараларға ұйытқы болуда.

Университет қабырғасында өткен «Мектеп білімі – өнеркәсіптік проблеманың негізгі шешімі», – атты білім додасында сөз алған Сәулет-құрылыс факультетінің деканы, т.ғ.д., профессор М.Қ.Кудерин: «Жақында қаламызға ҚР Білім және ғылым министрі Б.Т. Жұмағұлов келгенін білесіздер. Еліміздің бас педагогі өз сөзінде: «Павлодар білім-ғылым ошағы» деп атап көрсетті.

Әрине, бұл қадірлі ұстаздар мен ілімге жаны құмар оқушылардың еңбегі зор. Шындығында да кейінгі бірнеше жыл Павлодар облысының орта білім беру саласының көрсеткіші жоғары деңгейде екенін мойындау керек», – деп қорытындылады өз сөзін.

Қаламыздың үздік мектептері саналатын Ы. Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған облыстық қазақ гимназия-интернаты, №3 дарынды балаларға арналған гимназия, №9 жалпы орта білім беру гимназиясы, №21, №34, №35 жалпы орта білім беру мектептері арасындағы білім сайысы тартысқа толы болды.

Сайыстың ережесіне сай бірінші кезең үй тапсырмасы, екінші кезең көрермендер сайысы болса соңғы кезеңде «айналайын абайла» деген сұрақ-жауап тапсырмасымен қатысушылардың білімін тексерді.

Сайыстың ерекшелігі сонда, тек қатысушыларды ғана емес, сүйікті командасына қолдау көрсетуге келген көрермендердің де белсенділігі жеңімпаз таңдауға септігін тигізді. Көрермендердің алған баллдары командасына қосылды.

Бірінші кезеңде үй тапсырмасынан Ы. Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған облыстық қазақ гимназия-интернаты 15 баллмен алға шыққан болатын. Дегенмен де, басқа кезеңдерде белсенділік танытқан №3 дарынды балаларға арналған гимназияның командасы 42 балл жинап сайыс жеңімпазы атанды. Екінші орынды №9 орта білім беретін мектеп иеленсе, 34 балл жинаған №21 орта мектеп үшінші орын алды.

Осылайша бірнеше сағатқа созылған тартысты бәсеке аяқталды.

**Айдана АЙТУҒАН**

## *АКАДЕМИЧЕСКАЯ МОБИЛЬНОСТЬ*

# УЧИТЬСЯ В ДВУХ ВУЗАХ? ЛЕГКО!

12 марта 2010 года – дата, которая кардинально изменила вектор направления казахстанского образования. Два года назад Республика Казахстан стала 47 участницей Болонского процесса. Академическая мобильность обучающихся и профессорско-преподавательского состава является ключевым элементом Болонского процесса, что обеспечивает личный рост и развитие международного сотрудничества между отдельными представителями и учебными заведениями, повышает качество высшего образования и научных исследований.

В рамках академической мобильности обучающиеся могут перемещаться для обучения или проведения исследований на определенный академический период: семестр или учебный год в другое высшее учебное заведение (внутри страны или за рубежом). При этом изученные дисциплины/модули перезачитываются в своем вузе. Способствует мобильности обучающихся кредитная технология обучения, так как кредиты могут использоваться в течение всей жизни.

Различается внутренняя (национальная) и внешняя (международная) мобильность. Внешняя академическая мобильность – это обучение обучающихся университета в зарубежных вузах. Внутренняя академическая мобильность – это обучение обучающихся в других казахстанских вузах.

В 2008-2009 учебном году впервые по внутренней академической мобильности прошли обучение в Казахском национальном техническом университете им.К.Сатпаева 4 студента по специальности «Металлургия». В 2010-2011 учебном году прошла обучение в Казахском национальном университете им.аль-Фараби Ильясова Махаббат, студентка 3 курса по специальности «Культурология». В первом семестре 2011-2012 учебного года Саттыбаева Сандира, студентка 3 курса по специальности «Металлургия», обучалась в Карагандинском государственном техническом университете, Дайкенова Алия, студентка 2 курса по специальности «Приборостроение» прошла обучение в Казахском национальном техническом университете им.К.Сатпаева. В свою очередь, в рамках академической мобильности в первом семестре 2011-2012 учебного года обучался студент из Карагандинского государственного технического университета по специальности «Теплоэнергетика».

В 2011-2012 учебному году по внутренней академической мобильности 20 студентов направлены для обучения в вузы-партнеры, и 18 студентов прибыли в наш университет. За 2011-2012 учебный год 16 обучающихся приняли участие во внешней академической мобильности. В рамках внешней академической мобильности с сентября 2011 года на 3 курсе обучается студент из Таджикского технического университета им.М.Осими Курбанов Мухаммадсодик по специальности «Строительство».

Каждый студент, магистрант, докторант может поступить и быть студентом того вуза, чей диплом хочет получить по окончанию учебы. При этом обучающиеся имеют возможность учиться и освоить кредиты по дисциплинам, модулям в разных вузах страны и зарубежья.

Для этого необходимо:

1) в своем вузе завершить 1 семестр на «отлично» и «хорошо» (т.е. на «А», «А-», «В+», «В», «В-») и в дальнейшем учиться так же;

2) знать на должном уровне хотя бы один иностранный язык (практика показывает, что лучше всего владеть английским языком), желательно иметь соответствующий сертификат;

3) консультироваться со своим эдвайзером, так как именно он Вам помощник в поиске места учебы, формировании образовательной траектории и т.п.

4) самостоятельно заняться поиском выбора вуза и подать заявление в деканат.

На образовательном портале университета открыта страница академической мобильности с соответствующей организационной документацией и необходимой информацией.

Сейчас Центром академической мобильности принимаются заявки на обучение в летнем семестре и летних школах, как в казахстанских, так и в зарубежных вузах-партнерах. Центр академической мобильности готов помочь вам в оформлении документов для учебы в другом вузе. Наши контактные данные: Ломова,64 кабинет 220; телефон 673689 (1205), e-mail: mobilnost_PSU@mail.ru.

**Кундыз МУКАТАЕВА,**
**начальник центра академической мобильности**

# Сіз білесіз бе?

## БОЙ ӨСІРЕТІН АРАЛ



Мартинка аралын зерттеген француз экспедициясы қызық құбылысты байқаған. Бұл аралға басқа жақтан келген адамдардың бойы бір жылдан соң бірнеше сантиметр өседі екен. Экспедиция бастығы доктор Ю. Гравер мен ғылыми қызметкерлердің тұжырымдауы бойынша, бұл аралдағы минералдардың адам денесіне өтетін әсерінен болса керек. ал жергілікті халықтың бойларының өсуі басқа жердегілермен бірдей.

## ҚҰРҒАҚ ЖАУЫН



Жер шарында жаңбыр жауып тұрғанда су болмайтын жер бар, өйткені мұнда жауынның өзі құрғақ жауады. Бұлай қарағанда мүлдем мүмкін емес сияқты көрінетін бұл жағдайды жер шарының көптеген шөл далаларынан, оның ішінде Орта Азия шөлдерінен де кездестіруге болады. Өйткені, ол жерлердің ауа райы өте құрғақ. Мұндай жерлерде аспанда бұлт өте сирек шығады да, жаңбыр аз жауады. Егер оқта-текте жауын жауа қалғанның өзінде де, жауын тамшылары жерге жетпей, ауада буға айналып кетеді. Мұндай жағдайларда жауынның жауып тұрғанын көресіз, жауынның астында да тұрасыз, бірақ үстіңіз су болмайды. Құрғақ жауын дегеніміз міне осы.

## ТҰЗ ТАУЫ



